Nazoratsiz o'rganish algoritmlari, masalan, **klasterlash (k-means, hierarchical clustering)**, yangi bemor guruhlarini aniqlash va kasalliklarning yangi fenotiplarini aniqlashda qo'llaniladi. Shu bilan birga, **chuqur o'rganish (deep learning)** usullari, xususan, konvolyutsion neyron tarmoqlari (CNN), tibbiy tasvirlarni tahlil qilishda, masalan, rentgen, MRI yoki CT skanerlarda kasalliklarni aniqlash va prognozlashda keng qo'llaniladi (Goodfellow et al., 2016).

Tibbiyotda Bashoratlash Jarayoni

Kasalliklarni bashorat qilish jarayoni odatda bir nechta bosqichdan iborat:

1. **Ma'lumotlarni yig'ish va tayyorlash:** Elektron sog'liq kartalari, laboratoriya natijalari va tasvirlar yig'iladi. Ma'lumotlar tozalanadi, yo'qolgan qiymatlar aniqlanadi va kerak bo'lsa normalizatsiya qilinadi (McKinney, 2017).

2. **Xususiyatlarni tanlash (feature selection):** Prognozlash uchun eng muhim indikatorlar aniqlanadi. Masalan, qon bosimi, xolesterin miqdori, genetika va boshqa biomarkerlar.

3. **Modelni qurish va o'rganish:** Tanlangan AI algoritmi ma'lumotlar bilan o'rgatiladi. Nazoratli o'rganish algoritmlari uchun kasallik mavjudligi yoki yo'qligi ma'lumotlari ishlatiladi.

4. **Modelni baholash:** Modelning aniqligi, sezgirligi (sensitivity) va maxsusligi (specificity) baholanadi. Shuningdek, kross-validatsiya va boshqa baholash metodlari qo'llaniladi.

5. **Prognoz va qaror qabul qilish:** Tayyor model yangi bemorlar uchun kasallik xavfini prognozlaydi va shifokorlarga davolash strategiyasini belgilashda yordam beradi (Provost & Fawcett, 2013).

Amaliy Qo'llanish Misollari

1. **Qalbliq kasalliklari:** Random forest va gradient boosting algoritmlari yordamida bemorlar orasida yurak xurujlari xavfi aniqlanadi.

2. **Diabet prognozi:** Logistic regression va SVM algoritmlari yordamida bemorlarning diabetga chalinish xavfi baholanadi.

3. **Saratonni aniqlash:** CNN tarmoqlari mammogram va MRI tasvirlarida saraton belgilarini aniqlash uchun qo'llaniladi (Goodfellow et al., 2016).

4. **Pandemiya monitoringi:** AI algoritmlari epidemiologik ma'lumotlarni tahlil qilib, kasallik tarqalish ehtimolini prognozlaydi va sog'liqni saqlash siyosatini shakllantirishda yordam beradi.

Afzalliklar va Cheklovlar

AI algoritmlari yordamida kasalliklarni bashorat qilishning asosiy afzalliklari quyidagilardan iborat:

- Kasalliklarni erta aniqlash va oldini olish imkoniyati
 - Shaxsiylashtirilgan davolash strategiyasini ishlab chiqish
 - Katta hajmdagi ma'lumotlarni tez va samarali tahlil qilish
- Cheklovlari esa:
- Model interpretatsiyasining murakkabligi (black box muammosi)
 - Noto'g'ri yoki biryoqlama ma'lumotlar bilan o'rgatilgan modellarda xatoli natijalar
 - Maxfiylik va ma'lumot xavfsizligi masalalari (McKinney, 2017; Witten et al., 2016)

Xulosa

Tibbiyotda kasalliklarni bashorat qilish uchun AI algoritmlari zamonaviy sog'liqni saqlash tizimida katta ahamiyat kasb etadi. Mashinaviy o'rganish va chuqur o'rganish algoritmlari bemorlar xavfini aniqlash, shaxsiy davolash strategiyasini ishlab chiqish va kasallik tarqalishini oldindan bashorat qilish imkonini beradi. Shu bilan birga, model interpretatsiyasi va ma'lumot xavfsizligi masalalariga e'tibor qaratish zarur. Kelajakda AI va statistika integratsiyasi tibbiyotda yanada samarali va shaxsiylashtirilgan sog'liqni saqlash xizmatlarini taqdim etishga yordam beradi.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR

1. Khan, A., & Hoque, A. (2020). *Applied Data Analytics in Healthcare*. Springer.
2. James, G., Witten, D., Hastie, T., & Tibshirani, R. (2021). *An Introduction to Statistical Learning*. Springer.
3. Provost, F., & Fawcett, T. (2013). *Data Science for Business*. O'Reilly Media.
4. Goodfellow, I., Bengio, Y., & Courville, A. (2016). *Deep Learning*. MIT Press.
5. McKinney, W. (2017). *Python for Data Analysis*. O'Reilly Media.
6. Witten, I. H., Frank, E., Hall, M. A., & Pal, C. J. (2016). *Data Mining: Practical Machine Learning Tools and Techniques*. Morgan Kaufmann.

SECTION: PHILOLOGY AND LINGUISTICS

Әбдіхадыр Ә., Совет Б.А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
Ғылыми жетекші: Сыздыкова Б.Е.
(Қарағанды, Қазақстан)

**ДӘУРЕН ҚУАТТЫҢ «МҮЙІЗ ТАРАҚ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ «ШАШ» МОТИВІ МЕН ӘЙЕЛ
ТАҒДЫРЫНЫҢ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ**

Аннотация. Бұл мақалада Дәурен Қуаттың «Мүйіз тарақ» әңгімесіндегі «шаш» мотиві мен әйел тағдырының мифопоэтикалық интерпретациясы қарастырылады. Мақалада қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі шаштың киелі мәні, оның әлеуметтік, рухани және тағдырлық функциялары талданады. Әңгіменің үзінділері арқылы әйел бейнесі мен шаш мотиві арасындағы байланыс көрсетіліп, тұрмыстық заттардың тек көркемдік элемент емес, ұжымдық жады мен тарихи тәжірибені бейнелейтін символ ретінде қызмет атқаратыны дәлелденеді. Мифопоэтикалық талдау әдісі қолданылып, әйел тағдыры жеке кейіпкер деңгейінен шығып, ұлттық трагедия мен ұрпақтық жадымен астасып көрсетіледі. Шаш мотиві арқылы автор қазақ әйелінің өмірлік рөлі, аналық борышы, уақыт пен тарихи тәжірибеге байланысты рухани күресі көркем түрде бейнеленген. Мақала алдағы зерттеулер үшін қазақ прозасындағы мифологиялық кодтарды, тұрмыстық символиканы және әйел бейнесін ұлттық мәдени контексте зерттеу мүмкіндіктерін ашады.

Кілт сөздер: Дәурен Қуат, Мүйіз тарақ, шаш мотиві, әйел тағдыры, мифопоэтика, қазақ әдебиеті, символика, ұрпақтық жады.

Abstract. This article examines the motif of “hair” and the fate of women in Däuren Quat’s short story “The Horn Comb” through a mythopoetic lens. It explores the sacred and symbolic significance of hair in traditional Kazakh culture, highlighting its social, spiritual, and existential functions. Through textual analysis, the study demonstrates how domestic objects and everyday actions—such as combing hair—serve not only as artistic details but also as carriers of collective memory and historical experience. The mythopoetic approach reveals that the female protagonist’s fate transcends the individual level, intertwining with national tragedy and intergenerational memory. The hair motif reflects the woman’s life role, maternal duty, and spiritual struggle in the context of time and history. This research opens avenues for further studies on mythological codes, domestic symbolism, and female representation in Kazakh prose within the framework of national cultural identity.

Keywords: Däuren Quat, The Horn Comb, hair motif, women’s fate, mythopoetics, Kazakh literature, symbolism, intergenerational memory.

Қазіргі қазақ прозасында тұрмыстық деталь арқылы ұлттық жадыны, тарихи травманы және жеке адам тағдырын терең ашу үрдісі айқын байқалады. Дәурен Қуаттың «Мүйіз тарақ» әңгімесі – осы бағыттағы көркемдік ізденістердің көрнекті үлгілерінің бірі. Әңгімеде бір қарағанда қарапайым көрінетін тұрмыстық заттар мен әрекеттер (ошақ, от, тарақ, шаш) күрделі символдық жүк арқалап, кейіпкердің ішкі әлемін ғана емес, тұтас бір ұлттың тарихи-рухани тәжірибесін танытады. Осы көркем жүйеде «шаш» мотиві айрықша орын алады. Ол әйел болмысының, аналық инстинкттің, ұрпақ жалғастығының, сондай-ақ жоғалту мен рухани күйреудің поэтикалық белгісіне айналған. Әңгімедегі «шаш» мотивін қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен тығыз байланысты, сол арқылы әңгімеде әйел тағдырының мифопоэтикалық интерпретация жасалады.

Мифопоэтика – көркем мәтіндегі мифологиялық ойлау жүйесінің, архетиптер мен символдардың поэтикалық қызметін зерттейтін бағыт. Бұл тұрғыда Е.М. Мелетинский мифопоэтикалық ойлауда жеке адам тағдырының ұжымдық архетиптермен астасып жататынын көрсетеді [1]. Ал В.И. Тюпа көркем мәтіндегі кейіпкер тағдырын экзистенциялық шекара ұғымы арқылы түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, бұл шекара не фаталистік сипатта (тағдыр алдын ала белгіленген), не оқиғалық сипатта болып, «мен» мен «басқаның» арақатынасында қалыптасады [2, 43]. Осы тұрғыдан алғанда, мифопоэтикалық талдау жеке кейіпкер тағдырын немесе ұжымдық жад пен тарихи тәжірибемен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік береді, мұндағы «әйел тағдыры» мен «шаш» символы мәдени жадтың тасымалдаушысына айналады.

Қазақ халқы шашқа ерекше мән берген. Шаш – адамның табиғи көркі, тектілік пен тәрбиенің айнасы, әйел үшін нәзіктік пен сұлулық белгісі, ер үшін айбар мен мәртебе [3]. Әңгіменің мына үзіндісі бұл түсінікті көрсетеді: «Әйелдің шашы шашылмау керек. Әйелдің шашы жерде шашылып жатса, бұ фәни жалғанды ерте тастап кеткен ұрпағы әр талын жинап, қиналып жүретін көрінеді. «Астапыралла, алжыған басым не сандырақтап отырмын? Балам аман, бауырым бүтін. Тойшаным. Томпиып алып ұйқыны соғуын-ай өзінің? Алаңсыз. Алаңсыз ұйықта, аймандай құлыным менің. Сен ояңғанша анаң ошақтың отын үзбейді». Кемпір мүйіз тарағының тісіне байланып, құйқасынан сыпырылған бір уыс шашын шөкемдеп алды да, шоғы күлгін тартқан пештің аузын аша берді...» [4].

Бұл жерде шаш тек физикалық көрініс немесе сәндік элемент ретінде емес, рухани, мәдени және тағдырлық символ ретінде көрінеді. Әйелдің шашы – ұрпақ, отбасы және әйел тағдырымен байланысты, оны шашылмаған күйінде сақтау арқылы құрмет, тазалық және қорғаныс сезімі беріледі. Әңгіменің үзіндісінде: «Бұл - келіншектің ағасы сыйға тартқан күміс тарақ еді. Таңертең бұрымын бос өріп, алас-қапаста асыға жүріп шашының ұшын тарағына орай салған. Мыналардың мастықтан кілкіген жанарларын жарқ еткізген сол күміс тарақ алдымен нәшәндік жолдастың қолына тиді» [4]. Мұндағы күміс тарағының шашында байланып тұруы, оның ағасынан қалған көзі, сондай-ақ, тарақтың шашынан ажырап, бөтеннің қолына өтуі – оның алдағы өмірінің болжамы сияқты. Яғни, ағасынан қол үзуі, ағасының өлгені туралы хабар беруі, сондай ақ, ұрпағынан ажырау сияқты оқиғаларға сілтеп тұрғандай. Ал, «Содан кейін... күміс тарағын ойлап күрсінетін әйелге сәбет дүкенінен екіжүзді: бір жағының тісі сирек, келесі жүзінің тісі тығыз, мүйіз тарақ жолыққан. Тісі тығыз жүзімен битті, сірке мен қайызғақты сүзуге болады екен. Бұған да рахмет. Көп жылғы серігі. Көптен бері жан қалтасында» - деген

үзіндісіндегі күміс тарақтың мүйіз тараққа ауысуы, оның екі жағындағы тістерінің өздерінің қызметі болуы, бір жағы шаш тараса, екінші жағы бит пен сіркелерден тазартуы тек гигиеналық процесс емес – кемпірдің жанын жаман естеліктерден, құналардан тазарту сияқты символдық қызмет атқарады. Сондай-ақ, мүйіз тараққа ауысудың тағы бір қыры – бұрынғы шындықтың қазіргі естелікке ауысуы. Кемпірдің мүйіз тарақпен шашты жинауы тек тұрмыстық іс емес, сонымен қатар мифопоэтикалық әрекет ретінде оқылады. Мүйіз тарақ – дәстүрлі қазақ мәдениетінде әйелдің рухани серігі, өмірлік тәжірибенің тасымалдаушысы. Шашқа байланып тұрған әрекет арқылы автор кейіпкердің өз отбасы мен ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, өз тағдыры мен дәстүрді сақтауын көрсетеді. Бұл әңгімедегі «...жаулығын шешті де тұқылдана бітіп, тұтамға айналған бұрымын тарқатып, жан қалтасынан мүйіз тарағын суырды... Кемпір мүйіз тарақты сағынып қалыпты» - деген үзіндісінде дәл ашылады.

Қазақ дәстүрінде шаштың әртүрлі формалары – **қарын шаш, айдар, тұлым, кекіл, желке шаш** – тек әсемдік белгісі ғана емес, тіл-көзден қорғау, әлеуметтік мәртебе, жас ерекшелігі сияқты функцияларды атқарған б шаш үлгілерінің әрқайсысы белгілі бір әлеуметтік және мифологиялық қызмет атқарған:

«Қарын шаш» – баланың өмір жолының бастауын білдіретін киелі белгі;

«Айдар» – ер баланы тіл-көзден сақтайтын қорғаныштық символ;

«Тұлым, бұрым» – қыз баланың пәктігі мен нәзіктігінің нышаны;

«Кекіл» – періштелік қорғаумен байланысты;

«Желке шаш» – жетімдіктің үнсіз ишарасы» [3].

Бұл жүйеде шаш адамның жасын, жынысын, әлеуметтік орнын ғана емес, оның тағдырлық мәртебесін де айқындаған. Демек, шаш – қазақ мәдениетінде терең мифологиялық кодқа ие. «Мүйіз тарақ» әңгімесінде шаш мотиві дәл осы мифопоэтикалық функцияны атқарады: ол әйелдің тағдырын, ұлттық тәжірибені және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени кодтарды бейнелейді. Мысалы әңгімеде: «Самай шашы тұтас ағарып, төбесі шала бурыл тартқан...» деп берілген. Бұл сипаттама тек сыртқы көріністі беріп қана қоймайды, кемпірдің өмірлік тәжірибесі мен өткен кезеңін бейнелейді. Шаштың түсі мен текстурасы (ағарған, бурыл тартқан) – **өмір жолындағы өткерген ауыртпалықтар мен әлеуметтік рөлдің көрінісі**, бұл дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі шашқа берілген символдық мәнмен үндеседі. Кекіл сияқты, самай шашы да адамның жеке қасиеті мен рухани күшімен байланысты болуы мүмкін. Әсіресе әйелдің шашы – нәзіктік, тұрмыстық міндеттер мен әлеуметтік рөл арасындағы балансты білдіретін мәдени код.

Қазақ мәдениетінде шашқа терең рухани мән берілген. Шаш адамның жанынан, өмірлік қуатынан бөлшек ұстайды деп сенілген, сондықтан шашқа қатысты көптеген дәстүрлер мен тыйымдар қалыптасқан. Мысалы, «шашқа аяқ баспа», «қалған шашты өртеуге болмайды», «түнде шаш қиюдан сақтан» деген сенімдер болған. Қазақ мақалында «шаш кескен – бас кескен» деп айтылып, шашқа деген құрметті ерекше көрсеткен [5].

Яғни Д. Қуаттың «Мүйіз тарақ» әңгімесіндегі шаш пен тарақ «жадтың қозғаушысы» ретінде көрінеді. Мүйіз тарақ – кейіпкердің ұзақ ғұмырында бірге келген, ауыр тағдырдың үнсіз куәгері. Шаштың сиреуі мен ағаруы – уақыттың, жоғалтудың, ұрпақсыздық трагедиясының көркем белгісі. Әсіресе кемпірдің шашының «бір уыс болып

түсуі» ерекше мифопоэтикалық мәнге ие: «...мүйіз тарақтың тісіне байланып, құйқасынан сыпырылған бір уыс шашын шөкемдеп алды...». Қазақ танымында шаштың жерге шашылуы – ұрпақтың қиналуы, рухтың күйреуімен байланысты. Бұл эпизодта әйелдің жеке трагедиясы мен ұрпақтық жалғастықтың үзілуі символдық түрде тоғысады.

Д. Қуаттың «Мүйіз тарақ» әйел бейнесі – жеке адам ғана емес, ұлттық трагедияны көтерген архетиптік образ. Оның өмір жолында зорлық, тарихи қасірет, аналық үміттің күйреуі, жад пен елестің араласуы мифологиялық уақыт кеңістігінде беріледі. Кемпір үшін уақыт сызықтық емес: өткен мен бүгін бір-біріне еніп, мифопоэтикалық хронотоп түзеді. Ол өзінше тірі деп сенетін Тойшанмен сөйлеседі, ошақты өшірмейді: «Алаңсыз. Алаңсыз ұйықта, аймандай құлыным менің. Сен оянғанша анаң ошақтың отын үзбейді» – деуі – аналық борыштың мифтік деңгейге көтерілуі. Ал шаш мотиві осы жерде әйел тағдырының соңғы символдық нүктесіне айналады. Ол – өмірлік қуаттың сарқылуы ғана емес, бүкіл ғұмыр бойы жиналған қасіреттің түйіні.

Қорытынды.

Дәурен Қуаттың «Мүйіз тарақ» әңгімесіндегі «шаш» мотиві қазақ әдебиетінде тұрмыстық деталь арқылы ұлттық мәдениет пен әйел тағдырын бейнелеудің айрықша көрінісі болып табылады. Мәтіндегі шаш – жай ғана дене бөлшегі емес, мифопоэтикалық, символдық құрылым ретінде қызмет етеді: ол әйелдің тағдырын, ұрпақ жалғастығын, тарихи-рухани тәжірибені көрсететін мәдени кодқа айналған. Әңгімедегі кейіпкердің самай шашының ағаруы, мүйіз тарақпен байланысы, бір уыс шаштың түсуі – тек физикалық жағдай емес, рухани күйреу мен ұрпақтық жауапкершіліктің көркем бейнесі.

Сонымен қатар, қазақ дәстүріндегі шаш үлгілері (қарын шаш, айдар, тұлым, кекіл, желке шаш) мен әңгімедегі «шаш» мотиві арасында нақты мифопоэтикалық байланыс байқалады. Шаш тек эстетикалық функция атқармай, қорғаныштық, әлеуметтік және рухани қызмет атқарып, кейіпкердің жеке тағдырын ұжымдық жад пен тарихи тәжірибе арқылы интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Дәурен Қуаттың шығармасында әйел бейнесі тек жеке тұлға ретінде ғана емес, ұлттық трагедияның, тарихи ұмытылмайтын оқиғалардың және мәдени жадтың тасымалдаушысы ретінде көрінеді. Мүйіз тарақ пен шаш мотиві әйел тағдырын ұлттық мәдени контекстпен байланыстыра отырып, оқырманға жеке мен ұжымдық, өткен мен бүгін арасындағы хронотоптық байланыс туралы хабар береді.

Қорытындылайтын болсақ, Дәурен Қуаттың «Мүйіз тарақ» әңгімесіндегі «шаш» мотиві – терең мифопоэтикалық мағынаға ие көркемдік құрал. Ол қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы шаштың киелі мәнін, әйел тағдырының тарихи-рухани трагедиясын, жеке жад пен ұжымдық жадтың тоғысын көркем түрде бейнелейді. Сонымен қоса шаш – әңгімедегі жай ғана дене бөлшегі емес, тағдырдың, ұрпақтың, уақыттың символы. Осы арқылы автор әйел бейнесін тұрмыстық шеңберден шығарып, ұлттық болмыстың көркем моделі деңгейіне көтереді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа / ред. Новик Е.С., Рожанский Л.Ж. – Москва, 2000. – 407 с.

2. Тюпа В.И. Анализ художественного текста. 3-е издание. – М: «Академия», 2009. – 336 с.
3. Ізім Е. Қазақтың шаш қою дәстүрі: айдар, тұлым, кекілдіңмәні мен сыры / <https://e-history.kz/kz/news/show/50000522>
4. Қуат Д. Мүйіз тарақ. / <https://www.zharar.com>
5. Абуова Н. Kazakh Jewelry: Cultural Legacy and Protective Significance. / <https://astanatimes.com/2025/01>

Жұмамадинова Ж., Арыстанбек Ж.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Ғылыми жетекші: Сыздыкова Б.Е.
(Қарағанды, Қазақстан)

МИРАС АСАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭКЗИСТЕНЦИАЛЫҚ ЛИРИКА

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы экзистенциалдық лириканың көркемдік ерекшеліктері Мирас Асан поэзиясы негізінде қарастырылады. Зерттеуге ақын шығармаларындағы лирикалық субъективизм, жалғыздық, уақыт пен тағдыр, ішкі диалог сияқты экзистенциалдық категориялардың поэтикалық көрінісі талданады. Табиғат бейнелерінің экзистенциалдық символдар ретінде қолданылуы адамның ішкі күйзелісі мен болмыстық ізденістерін бейнелеу құралы ретінде айқындалады. Мақалада Мирас Асан поэзиясының қазіргі қазақ әдебиетіндегі экзистенциалдық лириканың маңызды үлгісі екені тұжырымдалады.

Түйін сөздер: қазіргі қазақ поэзиясы, экзистенциалдық лирика, лирикалық субъективизм, Мирас Асан, табиғат символикасы.

Қазіргі қазақ поэзиясы – мазмұн мен форма жағынан жаңашылдыққа ұмтылған, көркемдік ізденістерге толы әдеби кеңістік. Тәуелсіздік дәуірінен кейін қазақ поэзиясы өзіндік поэтикалық бағытын қалыптастырып, қоғамдық, рухани және лирикалық тақырыптарды терең зерттей бастады [1, 3].

Қазіргі поэзиядағы негізгі поэтикалық ізденістер бірнеше бағытта көрінеді. Біріншіден, дәстүрлі ұйқас пен өлшемнен еркін өлеңге бетбұрыс байқалады. Бұл ақындарға ойды еркін жеткізуге, ішкі сезімді табиғи түрде беруге мүмкіндік береді. Екіншіден, символдық образдар мен философиялық астар күшейді. Өлең тек сезімді емес, ойды да қозғайтын кеңістікке айналды. Үшіншіден, тіл қолданысында қарапайым сөздер арқылы терең мағына беру үрдісі қалыптасты.

Әсіресе қазіргі қазақ поэзиясы ХХІ ғасырда адамның ішкі әлемін, уақыт пен тағдырды, жалғыздықты зерттейтін бағытқа қарай дамуда. Экзистенциалдық лирика философиялық негізде адамның өмірлік тәжірибесін, ішкі сезімін, болмысын ашуға ұмтылады. Лирикалық субъекттің өз ойы мен эмоциясын сыртқа шығару арқылы өлең оқырманға тек эмоциялық әсер беріп қана қоймай, рухани тәжірибе мен философиялық ой ұсынады [2].

Экзистенциализм – адамның жеке еркіндігі мен жауапкершілігін, өмірдің мәнісін мен оны іздеудің маңыздылығын зерттейтін философиялық бағыт. Бұл теория поэзияда, әсіресе қазіргі қазақ поэзиясында, терең із қалдырған. Экзистенциализм бойынша поэзиядағы басты тақырыптардың бірі – өзіндік болмыс пен уақыт. Адам өмірінің өткені мен болашағы, тағдыр алдындағы сезім, уақытының шектеулілігі арқылы беріледі [3]. Бұл бағыттың тағы бір маңызды аспекті – жалғыздық және ішкі диалог. Лирикалық субъект өз сезімін сыртқа шығармай, ішкі монолог арқылы жеткізеді [4]. Адамның жалғыздығы – бұл тек физикалық оқшаулану емес, сонымен қатар өзінің ішкі әлемімен, ойларымен, сезімдерімен қарым-қатынасы.

Қазіргі қазақ поэзиясында лирикалық субъективизм басты орын алады. Поэзияда сыртқы оқиғадан гөрі адамның ішкі әлемі, жеке сезімі басты орын алады [1]. Ақын үшін әлемді қабылдау, оқиғаларды түсіну – бәрі де оның жеке тәжірибесі мен ішкі сезімдері арқылы өтеді. Сыртқы жағдайлар, қоғамдық құбылыстар ақынның ішкі әлеміне әсер етеді, бірақ олардың өзіндік маңызы ақынның оларға деген жеке қарым-қатынасымен анықталады. Бұл субъективизм поэзияға ерекше эмоционалдық бояу мен жекелік береді.

Қазіргі қазақ поэзиясында табиғат бейнелері (күз, жаңбыр, бұлт, жапырақ) экзистенциалдық символдар ретінде қолданылады. Бұл тәсіл дәстүрлі символизмді философиялық деңгейге көтеріп, адамның ішкі сезімі мен өмірлік тәжірибесін көркем бейнелейді [5]. Мысалы, сарғайған жапырақтар уақыттың өтуін, өмірдің өтетіндігін білдірсе, жаңбыр мен бұлттар адамның ішкі күйзелісін, қайғысын немесе ойға шомуын бейнелей алады. Табиғаттың әрбір құбылысы ақынның ішкі әлемінің көрінісіне айналып, оның экзистенциалдық ізденістерін тереңдете түседі. Бұл арқылы ақын адам мен табиғаттың арасындағы тығыз байланысты аша отырып, адамның жалпы әлемдегі орнын, оның тағдыры мен табиғаттың заңдылықтарын тереңірек түсінуге тырысады.

Осы тұрғыдан алғанда, заманауи поэзияда өзіндік үнімен көрінген ақындардың бірі – Мирас Асан. Ақынның ішкі әлемі, өмірдің мәнін іздеу жолындағы күресі, уақыттың шектеулілігі сияқты тақырыптар экзистенциализмнің негізгі ұстанымдарымен тығыз байланысты. Мысалы, ақынның «Абай» өлеңі экзистенциалдық философияның негізгі тақырыбын ашады (адам мен тағдыр арасындағы күрделі байланыс, ішкі еркіндік пен сыртқы шектеу арасындағы шиеленіс).

«Тағдырдың тарқауы кем, түйіні көп
Тартқаны біртоға рай, бұйығы кеп.
Сыртыңнан еркіндіктің түрін жасап,
Ішіңнен қамалудан қиыны жоқ...
Кеудеме қымтап келген сайра, құсым,
Қамалған сен бе, мен бе... ойран ішім!
Бір жағы ренжу де ыңғайсыздау,

Ешкімге айта алмайтын ойлар үшін!» [6] - деген жолдарда лирикалық субъекттің қоғам мен өз ойлары арасындағы шектеу, ішкі еркіндік пен жауапкершілік арасындағы қақтығыс сияқты психологиялық жай күйі айқын көрінеді. Сонымен қатар, өлеңде адамның өмірлік тәжірибесі мен психологиялық күйін бейнелейтін экзистенциалдық тон бар.

Сонымен қоса адам өмірінің өткені мен болашағы, тағдыр алдындағы сезім, уақытының шектеулілігі ақынның шығармашылығында айқын көрініс береді. Ақын өзінің өмір сүрген уақытын, өткен шақтың естеліктерін, болашаққа деген үмітін немесе үрейін тереңінен сезінеді. Уақыттың ағымы, оның шектеулілігі адамды өз өмірінің мәнін іздеуге, әрбір сәтті бағалауға итермелейді. Бұл тақырыптар арқылы ақын адамның жалпы өмірлік тәжірибесін, оның тағдыр алдындағы дәрменсіздігін немесе еркіндігін бейнелей алады. Мысалы, «Бұл күз бізді неге есіне түсірді?...» өлеңіндегі:

«Екі бетте қарсы отырмыз қос арна...
Тік қарауға болушы еді, о саған?
Тіл қатуға болушы еді, о сонда?

Үнсіз іштен төгіл, төгіл ән-жырым,

Үнсіз іштен егіл, егіл жан гүлім...

Бұл шақ менің ең аяулы сезімім,

Бұл сәт менің ең аяусыз тағдырым..» [7] - деген жолдарда күз символы – өтіп кеткен уақыт пен мүмкін болмаған болашақтың көрінісі ретінде қолданылады. Риторикалық сұрақтар мен үнсіздік лирикалық субъекттің ішкі монологын ашады, экзистенциалдық лириканың негізгі ерекшелігі болып табылады. Өлеңде «жақындасу мен алшақтық мотиві» сезімнің шиеленісін күшейтеді [1].

Мирас Асан өлеңдеріндегі жалғыздық пен ішкі диалог категориясына да баса назар аударуға тұрарлық. Ақын өлеңдеріндегі жалғыздық жоғарыда көрсетілгендей, «тек физикалық оқшаулану емес, сонымен қатар өзінің ішкі әлемімен, ойларымен, сезімдерімен қарым-қатынасын» көрсетеді. Ақын өз ішіндегі күрделі ойлар мен сезімдерді сыртқы әлемге ашық айтудан гөрі, өзімен-өзі сөйлесу арқылы, ішкі диалог арқылы жеткізеді. Бұл жағдай поэзияға тереңдік пен психологиялық шиеленіс береді. Оқырман ақынның ішкі әлеміне үңіліп, оның ойлары мен сезімдерін бөліседі. Оның «Күлкімді де тоздырдым...» өлеңінде адамның ішкі күйінің эмоция, ой, әрекет, тіл сияқты барлық аспектілері көрініс табады:

«Тозды миым – тәнімнің ақылманы,

Тозды күйім, ескіріп жатыр бәр...

Жүрек тозды сезім – бал, ақыл – удан,

Білек тозды бақытты шақырудан...» [6] - деген жолдарында лирикалық субъект сезім мен ой арасындағы қақтығысты, ішкі диалогты, уақыт пен тағдыр алдындағы әлсіздікті бейнелейді. Бұл жерде Сартр айтқандай «экзистенциалдық философиялық ізденіс» айқын көрінеді.

Бұдан бөлек Мира Асан өлеңдерінде табиғат бейнелері экзистенциалдық символдар ретінде қолданылады. Оның «Жапырақтың махаббаты сен бе екен?..» өлеңіндегі «жапырақ» бейнесі символикалық мәнге ие болып, махаббат, өтпелі уақыт және рухани сезімдерді бейнелейді:

«Жапырақтың махаббаты мен бе екем?

Жапырақтың махаббаты Күн әлде?

Жапырақтың махаббаты Жел ме екен?» - деген жолдары арқылы махаббат тек жеке адамның сезімі ретінде емес, табиғат элементтері – күн, жел – арқылы да көрініс табатыны айқындалады. Бұл тұрғыдан қарағанда, махаббат кеңірек философиялық контекстте – адамның сыртқы әлеммен, табиғатпен байланысы арқылы танылатын құбылыс ретінде көрінеді. Сондай-ақ, жапырақ бейнесі өлеңде уақыттың өтпелілігі мен адамның өмірлік кезеңдерінің символы ретінде қолданылады. Оның өзгеруі мен құлауы өмірдің өткіншілігін, уақыт ағымына тәуелді сезімдерді бейнелейді. Осылайша, өлеңде экзистенциалдық мотив – адам мен уақыт, адамның ішкі сезімі мен сыртқы әлем арасындағы байланысты көрсету – айқын көрініс табады

Ақын поэзиясында махаббат тақырыбымен қатар адамның ішкі уайымы, психологиялық күйзелісі және өмірлік қиындықтары табиғат бейнелері арқылы көркемдік тұрғыдан репрезентацияланады. Табиғат лирикалық субъекттің ішкі әлемін бейнелеудің

поэтикалық құралына айналып, эмоциялық ахуал мен философиялық ойды біртұтас жүйеде көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Жаңбыр дауысын естідің бе...» өлеңіндегі:

«Бұлттар менің көз жасым ба Көктегі?

Бұлттар сенің көз жасың ба төкпелі?» [7] - деген жолдар лирикалық субъекттің эмоционалды күйі мен экзистенциалдық ой-толғамының тоғысуын айқын аңғартады. Мұнда бұлт бейнесі табиғат құбылысы ретінде ғана емес, адамның ішкі жан күйзелісін, рухани жалғыздығын және сезімдік ауыртпалығын символдық тұрғыда білдіреді. Автор жеке адамның эмоциялық тәжірибесін ғарыштық кеңістікпен сабақтастыра отырып, ішкі сезім мен сыртқы әлем арасындағы философиялық байланысты ашады.

Өлеңдегі экзистенциалдық лирика адамның тағдыр алдындағы дәрменсіздігін, болмыс туралы күмәнін және өмірдің өткіншілігін терең сезінуге бағытталған. Бұл поэтикалық ұстаным С. Кьеркегордің экзистенциалдық философиясындағы адамның жалғыздығы, ішкі күйзелісі және таңдау алдындағы жауапкершілігі туралы идеяларымен үндес келеді. Осылайша, ақын шығармаларында экзистенциалдық сарын адам болмысының күрделі психологиялық және философиялық қырларын ашудың негізгі көркемдік тетігі ретінде көрінеді.

Қорытындылайтын болсақ, Мирас Асан поэзиясы қазіргі қазақ поэзиясында экзистенциалдық лириканың негізгі мысалы болып табылады. Өлеңдерде адам мен тағдыр, уақыт пен сезім, жалғыздық пен ішкі диалог арасындағы байланыс айқын көрінеді. Лирикалық субъективизм арқылы оқырманға ішкі сезім мен ойдың күрделілігі, философиялық ізденіс көрсетіледі. Табиғат бейнелері арқылы эмоциялық және философиялық мән беріледі. Атап айтқанда, Мирас Асан поэзиясы экзистенциалдық философия мен лирикалық субъективизмнің үйлесімін, қазіргі қазақ поэзиясының философиялық кеңістігін ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орда, Г.Ж., & Исакова, Р.А. (2023). *Жаңа дәуір поэзиясының даму бағыттары*. Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/175>
2. Heidegger, M. (1962). *Being and Time*. New York: Harper & Row.
3. Camus, A. (1942). *The Myth of Sisyphus*. Paris: Gallimard.
4. Kierkegaard, S. (1849). *The Sickness Unto Death*. Copenhagen: C.A. Reitzel.
5. Sabirova, D., Abisheva, S., Madina, M., Mekhirmissa, K., & Polyak, D. (2025). *Methodology for Studying National Coloristics in Modern Poetry: A Case Study of Contemporary Literature in Kazakhstan*. Journal of Posthumanism, 5(7), 1496–1511. <https://posthumanism.co.uk/jp/article/view/2939>
6. Асан М. Өлеңдер. // <https://www.zharar.com>
7. Асан М. Өлеңдер. / Тағдырым көзсіз жылап, сөзсіз сүйген. // <https://adebiportal.kz>
8. Қазіргі қазақ поэзиясы курсының сипаттамасы. (Бакалавриат курсы). Yessenov University. <https://yu.edu.kz/course/B-10-042>

Таңжарық Бексұлтан, Сатылған Бақдәулет
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Ғылыми жетекші: Сыздыкова Б.Е.
(Қарағанды, Қазақстан)

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ АВТОРЛЫҚ СТИЛЬДІ САҚТАУ

Аннотация. Бұл мақалада көркем аудармадағы авторлық стильді сақтау мәселелері қарастырылады. Авторлық стильдің мәні, оның лексикалық, синтаксистік, ритмикалық және бейнелік ерекшеліктері талданады. Мақалада аудармашының түпнұсқа автордың дара стилін түсіну, тілдік құралдарды шебер пайдалану, мәдени және тарихи контекстті ескеру, сондай-ақ өз шығармашылық тұлғасын көрсету арқылы екі стильді үйлестіру жолдары баяндалады. Ғылыми тұжырымдар мен зерттеушілер пікірі негізінде авторлық стильді сақтау күрделі әрі көпқабатты процесс ретінде қарастырылады. Мақала көркем аударманың теориялық және практикалық аспектілеріне қызығушылық танытатын зерттеушілер, аудармашылар мен әдебиеттанушылар үшін пайдалы болып табылады.

Taïzhariq Beksultan, Satylġan Baqdaulet
Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov
Scientific supervisor: Syzdykova B.E.
(Karaganda, Kazakhstan)

PRESERVING AUTHORIAL STYLE IN LITERARY TRANSLATION

Abstract. *This article examines the issues of preserving authorial style in literary translation. It analyzes the concept of authorial style, including its lexical, syntactic, rhythmic, and figurative features. The paper discusses how translators can balance the preservation of the original author's unique style with their own creative voice by deeply understanding the source text, skillfully using linguistic tools, considering cultural and historical contexts, and applying their own creativity. Based on scientific findings and scholars' perspectives, preserving authorial style is presented as a complex and multifaceted process. The article is useful for researchers, translators, and literary scholars interested in both the theoretical and practical aspects of literary translation.*

Көркем шығарманы аударған кезде түпнұсқа авторының және аудармашының стильдері өзара әрекеттеседі. Ақын немесе жазушы бір жағынан аудармашы рөлінде болып, түпнұсқа автордың дара стильдік ерекшеліктерімен жұмыс істесе, екінші жағынан өз жеке шығармалары бар автор ретінде өз стилін сақтап, дамытады. Яғни, аудармашының шығармашылық тұлғасының ұйымдастырушылық құрылымы екі бастамадан тұрады: бір жағынан, ол аудармашы ретінде түпнұсқа автордың дара стилімен бетпе-бет келеді, екінші жағынан – өз жеке стилімен жұмыс істейтін автор ретінде әрекет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, көркем аудармадағы авторлық стильді

сақтау мәселесі тек тілдік құралдарды дұрыс қолдануды ғана емес, екі шығармашылық тұлғаның өзара әрекеттесуін, олардың стильдік сәйкестігін де ескере отырып шешілетін күрделі процесс екенін көрсетеді.

Шығармадағы автор тек мәтінді жазушы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір эстетикалық және идеялық мақсатты жүзеге асыратын шығармашылық субъект болып табылады. Оның дара стилі – сөздік таңдау, синтаксистік құрылым, ритм, метафоралық бейнелер және жалпы көркем тәсілдердің бірегей үйлесімі арқылы көрініс табады. Ғалым Т. Есембеков қазіргі қазақ әдебиеттануында қалыптасқан көзқарастарды жүйелей отырып, «автор» терминін жалпы тұрғыдан келесі санаттарға бөледі: а) биографиялық автор; ә) автор-баяндаушы; б) автор – болмысқа деген көзқарас; в) автор-көркем образ; г) бейтарап куәгер; д) нарратор; е) автор-аноним, белгісіз персонаж; ж) көркем әлемнің иесі; з) мәтін жаратушы; и) көркем әлем тудырушы [1, 16]. Осы тұрғыдан, әдеби аудармада нақты автор ұғымын қарастыру кезінде, аудармашы мен түпнұсқа автор арасындағы стильдік және шығармашылық өзара әрекеттестікті ескеру маңызды. Яғни аударма процесінде автордың дара стилін сақтау ғана емес, сондай-ақ мәтіннің көркемдік мәнін сақтай отырып аудармашының жеке шығармашылық тұлғасын да көрсету міндеті туындайды.

Авторлық стиль – бұл жазушының немесе ақынның өзіндік ерекшелігі, оның ойлау, сезіну және тілді қолдану тәсілі. Ол сөздерді таңдау, сөйлем құрылымы, метафоралар мен теңеулерді қолдану, ритм мен интонация сияқты көптеген факторлардан тұрады. Авторлық стиль шығарманың мазмұнымен тығыз байланысты, оның арқасында оқырман автордың ішкі әлемін, оның көзқарасын және сезімдерін түсіне алады. Бұл тұрғыда ғалым З. Ахметов: «Жазушының стилі дегенде, біз оның өмір шындығын өзінше тани білу, сезіну, тақырыпты өзінше игеру, өзінше ой толғап, бейнелеп айту – міне осындай маңызды сипаттар танытатын, басқаға ұқсамайтын суреткерлік шеберлігін, дара қолтаңбасын айтамыз» - деген пікір айтады [2, 305]. Осылайша, авторлық стиль – көркем шығарманың эстетикалық мәнін, идеялық тереңдігін және тұлғалық ерекшелігін қалыптастыратын негізгі фактор болып табылады. Көркем аудармада бұл ұғым әсіресе маңызды, себебі аудармашы тек мәтіннің мазмұнын жеткізіп қана қоймай, автордың дара стилін, оның шығармашылық реңін де сақтауға міндетті.

Көркем аударма – бұл тек сөздерді бір тілден екінші тілге ауыстыру емес, сонымен қатар түпнұсқа шығарманың рухын, мағынасын және көркемдік құндылығын сақтай отырып, оны жаңа тілде қайта жасау. Бұл процесс өте күрделі, себебі әр тілдің өзіндік ерекшеліктері, мәдени контексті және тарихи қабаттары бар. Авторлық стильді сақтау бұл қиындықты одан әрі күшейтеді. Сол себепті көркем аудармада авторлық стильді сақтау тек аудармашының тілдік дағдысына ғана байланысты емес, ең алдымен түпнұсқа автордың шығармашылық ерекшелігін терең түсінуіне негізделеді. Түпнұсқа мәтінді аудару алдында аудармашы автордың ойлау жүйесін, дүниетанымын және шығармашылық мақсатын жан-жақты зерттеуі тиіс. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы – автордың басқа шығармаларын оқу, оның өмірбаяны мен әдеби ортасын зерттеу, сондай-ақ сол дәуірдің мәдени және тарихи контекстін меңгеру.

Әдебиеттану мен аударма теориясында бұл талап кеңінен қолданылады. Көркем мәтінді аударуда автордың шығармашылық тілін түсіну маңызды рөл атқарады, өйткені

аудармашы мәтіндегі автордың стильдік жүйесін ғана емес, оның жан-жақты идеялық мазмұнын да ұғынуы қажет. Осы тұрғыдан, көптеген зерттеулер авторлық стильдің элементтерін толық түсінусіз аударманың көркемдік мазмұны мен эмоциялық реңі жоғалуы мүмкін екенін көрсетеді. Аудармашы автордың сөз астарындағы мағынаны, көркем бейнелер жүйесін және поэтикалық сипаттарды дәл ұғына білуі тиіс, бұл аударманың сәттілігінің негізі болып табылады [3].

Сондай-ақ, аударманы зерттеу барысында зерттеушілер аудармашы түпнұсқаның элементтерін тек механикалық түрде қайталаумен шектелмей, оны жүйе ретінде – органикалық тұтастық ретінде түсінуі тиіс. Бұл тәсіл мәтіннің көркемдік мазмұны мен автордың дара тілдік шешімдерін сақтау үшін өте маңызды екеніне де көңіл бөледі.

Сонымен қатар, аударманың теориялық зерттеулерінде көркем мәтіннің аударылуы – бұл тек тілдік эквиваленттілік мәселесі емес, сонымен бірге мәтіннің мағыналық, стильдік және эмоционалды компоненттерін сақтау мәселесі ретінде қарастырылады. Мұндай тұжырымдамада аудармашының міндеті – тек сөздердің мағынасын беру емес, сонымен бірге автордың стильдік және мәдени ерекшеліктерін басқа тілде дәл жеткізу болып табылады [4].

Осыған байланысты авторлық стильді сақтаудың мынадай тиімді жолдары ұсынылады:

1. Автордың шығармашылық мақсатын терең түсіну. Яғни, аудармашы автордың стилін, ойлау жүйесін, эмоциясы мен идеясын, шығармады жазудағы негізгі мақсатын түсінуі керек. Ол үшін аудармашыға түпнұсқа авторының басқа да шығармаларымен, өмірбаянымен таныс болуын қажеттілігі туындайды.

2. Тілдік құралдарды шебер қолдану. Авторлық стильді сақтау үшін аудармашы тілдің барлық мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі тиіс. Бұл тек сөздерді дәл таңдау мен сөйлем құрылымын сақтау ғана емес, сонымен қатар мәтіндегі көркемдік ерекшеліктерді жаңа тілде дәл жеткізуге байланысты. Атап айтқанда, аудармашы:

- метафоралар мен теңеулерді, фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді аударуда баламалы тәсілдерді қолдануы керек;

- дыбыстық және ырғақтық ерекшеліктерді, соның ішінде поэзиялық немесе прозалық ритмді сақтау үшін шығармашылық шешімдер қабылдауы қажет;

- кейде жаңа сөздер немесе тіркестерді ойлап шығару арқылы түпнұсқаның стилін және эмоционалды реңін сақтау қажет болады.

Әдеби аударма теориясында бұл процесс «түпнұсқаның стильдік жүйесін жаңа тілдік ортада қайта құру» деп аталады. Мұнда аудармашының шығармашылық қабілеті маңызды рөл атқарады, себебі оның міндеті – мәтіннің мазмұнын жеткізу ғана емес, сонымен қатар автордың дара тілдік және көркемдік ерекшеліктерін сақтау болып табылады [3, 240].

3. Мәдени және тарихи контексті ескеру. Авторлық стильді сақтау тек тілдік құралдарды қолдануға байланысты емес, сонымен қатар мәдени және тарихи факторларды ескерумен тығыз байланысты. Автордың шығармашылығы белгілі бір дәуірдің мәдени, әлеуметтік және тарихи контекстімен байланысты болып, оның стилі мен тілдік шешімдерін анықтайды. Аудармашы осы тұрғыдан түпнұсқа шығарманың мәдени кодтарын, дәуірге тән ерекшеліктерін түсініп, оларды жаңа тілде оқырманға

түсінікті әрі органикалық етіп жеткізуі қажет. Бұл кейде мәтінге түсіндірмелер, сілтемелер немесе қосымша ақпарат қосу арқылы жүзеге асады. Мысалы, дәуірлік тарихи немесе мәдени реалияларды жаңа тілде эквивалентті түрде беру арқылы оқырманға шығарманың толық мәні мен авторлық стилін сезіндіруге болады [4]. Бұл тәсіл, яғни аудару барысында мәдени және тарихи контекстті ескеру – аудармашыға түпнұсқаның көркемдік мәнін және авторлық стильді сақтай отырып, мәтінді басқа тілдік ортаға бейімдеуге мүмкіндік береді.

4. Аудармашының шығармашылық қабілетінің болуы. Аудармашы тек түпнұсқаны сөзбе-сөз жеткізуші ғана емес, сонымен қатар өзінің шығармашылық тұлғасы бар автор болып табылады. Ол түпнұсқа автордың стилін қайталаумен шектелмей, өз дара стилін сақтай отырып, екі стильді үйлестіре білуі қажет. Бұл өте жауапты процесс. Егер аудармашының стилі басым болса, түпнұсқа автордың даралығы жоғалуы мүмкін, ал тым көп еліктеу жасандылыққа, мәтіннің табиғилығы мен көркемдік әсерінің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан аудармашы түпнұсқаның стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып, өз шығармашылық шешімдерін де енгізе білуі тиіс. Бұл тәсіл аударманың көркемдік сапасын арттырып, авторлық стильдің мәнін жаңа тілде де жеткізуге мүмкіндік береді [3].

Қорытындылай келе, көркем аудармадағы авторлық стильді сақтау – бұл тек тілдік шеберлік қана емес, сонымен қатар терең түсіну, мәдени сауаттылық, шығармашылық еркіндік пен жауапкершіліктің үйлесімін талап ететін күрделі процесс. Бұл процесс арқылы ғана түпнұсқа шығарманың көркемдік құндылығы жаңа тілде өмір сүріп, оқырманға рухани байлық сыйлай алады. Авторлық стильді сақтау – бұл түпнұсқа автордың «дауысын» жаңа тілде жаңғырту ғана емес, сонымен қатар аудармашының өзіндік шығармашылық «қолтаңбасын» қалдыра отырып, екі мәдениеттің арасындағы көпір болу. Бұл – аудармашының шеберлігі мен шығармашылық ізденісінің ең жоғары деңгейі

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есембеков Т. Көркем мәтінді талдау негіздері. Алматы, 2009. – 96 б.
2. Ахметов З. Стиль. // З. Ахметов, Т. Шаңбаев. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
3. Аударманың өзекті мәселелері. Құраст. С. Құлманов. – Алматы: «Palitra-press», 2015. – 296 б.
4. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселері. / <https://ust.kz>

Топашов М.Ә.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Оспанова А.
С-25-2 тобының студенті
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
(Қарағанды, Қазақстан)

М. ДУЛАТОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Аннотация. В статье будут рассмотрены произведения представителя казахской литературы Миржақыпа Дулатова, проанализированы его поиски духовного пробуждения нации. Акцентируется внимание на поэтических способностях в рассуждении, высказывании, осмыслении идейно – тематических особенностей произведений. Кроме того, статьи, увидевшие печатную страницу в разные годы, также берутся в основу статьи и анализируются. Его поиски в этой области также рассматриваются в статье несколько серьезно. Его труды по пробуждению духа нации будут оценены по-своему. Изучается национальная культура и связь.

Annotation. The article specifically examines the works of the representative of Kazakh literature Mirzhakip Dulatov, analyzes his search for spiritual awakening of the nation. The ideological and thematic features of his works are differentiated, attention is paid to the poetic ability to express opinions and express thoughts. In addition, articles that have seen the printed page in different years are also taken to the core of the article and analyzed. His searches in this area are also considered somewhat more seriously in the article. His work to awaken the spirit of the nation is given its own assessment. National culture and communication are studied.

XX ғасыр басында алаш арыстары саяси - қоғамдық ой-сана белсенділігін біршама арттырғаны мәлім. Олар бұл істе ұлттың ұйытқысы болып, жанашыл идеялардың жаршысы ретінде әрекет етті. Отарлау саясатына қарсы ашық үн көтеріп, сол жолда өздерінің шығармашылық ізденісімен де, қоғамдық-саяси қызметімен де көшбасшы болып, халқының ақылшысына айналды. Сондай бірегейлердің бірі - Міржақып Дулатов болды. Ол «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы арқылы қазақтың бүгіні мен болашағына ұйытқы болатын ұлттық идея мәселесін көтерді. Ұлттық идея ғана қазақ елін тәуелсіз мемлекет ретінде танытып, оның бүгіні мен ертеңіне іргетас бола алатынын жақсы түсінді. Сөйтті де, ұлт тағдырын ойлап, оның мүддесін қорғау жолында отарлық, нәсілшілдік саясат пен шектен тыс езгіге қарсы ашық үн қатты.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,

Қарағым, енді жату жарамасты.

«XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары өздерінің бейімділігі мен ізденістері нәтижесінде байырғы түрік мәдениетіне, оның Байкал көлінен бастап, Қара теңізге дейінгі

аралықтағы ұлы далаға үлкен, күшті тайпалық бірлестіктер құрып, дүниежүзілік тарихта із қалдырған ұлы Түрік қағанатының батырлық, ерлік істеріне қанық болды да, солардың тікелей ұрпақтары ретінде өз халқын сол бай тарихи, аталар дәстүрімен патриотизмге жігерлендіру арқылы отарлық саясат пен ұлттық езгіге қарсы тұру санасын оятықсы келді» [1, 107]. Ұлттық бірлік, ұлттық идея азаттықтың қадірін түсініп, мемлекетімізді нығайту үшін басты мақсат болып саналады. Өйткені, тәуелсіздік түсінігі ұлтымыздың ұлы мұраты, заманалар бойы басты арманы болған, сонау Күлтегін, Тонкөктердің, одан берідегі Асан Қайғы, Бұқар жыраулардың, сәл кейініректегі Дулат, Шортанбайлардың зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын. Бұлардың шығармалары туған елінің өткені мен болашағына деген сүйіспеншілік, халықтың мәдени болмыс – бітімі мен рухани қасиетін түйсіне пайымдауы, тарихи жады мен келешек бейнесінің бірлігі сынды құндылықтарға негізделген. Міржақып қазақтық қалыпты сақтау, ұлт тұтастығына жарықшақ түсірмеу- ата – баба жолы, өзіне тапсырылған аманаттай сезінді. Ұлттық әлеуметтік – рухани мүддесі мен мақсат – мұратын ескере отырып «Оян, қазақ» стратегиялық бағдарламасын түзді. Бұл ұлттық сананың серпіліп, халықтың рухани оянуына, ұлттық идеялардың өркендеуіне тікелей әсер етті. Ел мен жер тағдырына, ұлт болмысының бұзылмауына алаңдаған ақынның «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы «Ұлт идеясын» қалыптастыруға ерекше қызмет етті. Ұлт мәселесін туғызатын – отаршылдық идеологиясы және саясаты. Ресей империясы отарлаудың небір сұрқия саясатын тәжірибеде де, теорияда да шебер жүргізе білді. Қазаққа саяси, рухани еркіндік берілмеді. Қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы тұрып, сол тұстағы саяси ахуалды ұлттық мүддеге сай міндеттермен ұштастыруды ұсынды. «Зар заман өлеңдерінде азаттықты аңсаған қазақтың рухы сақталды. Бұл шығармалардың өзегінде ұлтты езгіден құтқару идеясының негізі қаланды» [2, 58]. Зар заман ақындарының шығармалары ұлттың саяси қоғамдық-әлеуметтік ой-сана белсенділігін де біршама арттырғаны рас. Осының нәтижесінде ұлттық әдебиеттің тақырыптық – идеялық мазмұны кеңейіп, көркемдік дәрежесі өсті. Сөйтіп, тіршілік тынысымен үндескен, өмір шындығымен суарылған шығармалар өмірге келді. Дәл осы тұста ақындардың шығармашылық үндестіктері, байланысу, тоғысу арналарына жаңа мүмкіндік ашты. Бұл өз кезегінде шығармашылық байланыстардың жан-жақты, әрі тереңдей дамуына, яғни тақырыптық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан ілгерілеуіне ықпал еткені аян. Дәлірек айтқанда, отарлық езгі құрсауында болуы, соның негізінде туындаған азаттық, ағартушылық көзқарастар тоқайластығы, алаш арыстары шығармаларына әсер етті. Бұл ақындардың өзара рухани алмасулары ұлт тағдырының ортақтастығын ғана көрсетіп қоймай, шығармашылық ізденістер бірлігін, идеялық-тақырыптық сәйкестігін, этика-эстетикалық үйлестігін де білдіреді. Осылай уақыт талабынан туындаған мүдде ортақтығы, мақсат бірлігі зар заман ақындарының сүрлеуімен Міржақыпты да ұлт тағдырын жырлауға итермеледі.

Мың жеті жүз отыз бір сәнасында,
Біз кірдік Руссияның фанасына.
Һүнерсіз бостығымыз көрінген соң,
Қызықбас кім қазақтың баласына?
Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз
Таралып жылдан жылға жер-суымыз

Мұжықтың кетті бәрі қаласына.
Қадірден халық билеген ақсақалдар,
Бұл іске фәһім назар саласың ба?
Темірді қызуында соқпай қалып,
Нәсіліңнің көз жасына қаласың ба?
Кір жуып, кіндік кескен хайран жерлер,
Мұжыққа, хош аман бол, барасың да.

Халықтың құтты қоныс, құнарлы жерлерінен айрылып, бодандықтың қамытын кигені Міржақыптың ойынан шықпайтын қайғы-шері болды. Ұлы даланың рухы мен даналығын қанына сіңірген, жаратылысынан ұлтшыл Міржақып міне, осы тұста халқының қамқорына, басқыншылардың айыптаушысына, еркіндігі мен елдігін жоғалта бастаған халқының жоқшысына айналды. Өз халқының тағдырын ойлап, қатты қамыққан ақын «Таршылық халіміз хақында аз мүнәжат», «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Алашқа», сияқты өлеңдерінде дәуір дидарын дұрыс танып, уақыт туындатып отырған. мәселелерді орынды көтере білді.

Кез – келген идеяның өміршең болуы нақтылы әрекетті қажет етеді. Ал ұлттық идея өздігінен жүзеге асатын құбылыс емес. Ол өмір мұқтажынан туындайтындықтан, белгілі бір кедергілерге қарамастан, оның жүзеге асуы шарт. Ұлт ертеңін ойлаған ақын өлеңдері арқылы қазақтың ұлттық идеясы сапалық тұрғыдан қайта жаңғырып, саяси тұрғыдан ширығып, нығая түсті. Өлеңдерінің ұлттық- күрескерлік рухы қазақ елін жаңа бастамаларға жетелеп, халыққа ізгі ниеттер меңзеп, ұлттық сезімін күшейте берді. Осыған орай, ол ұлт рухын оятып, халқын азаттық үшін күреске ашық шақырды.

Азаматтың міндеті елді қорғау,
Төнгелі тұр басына күшті толғау.

Ұлт жанашыры болып, тәуелсіздіктің туын көтерді. Өзін тәуелсіз мемлекет құру идеясы үшін күрескен қайраткер санатында көрсете білді. Елдіктің, тәуелсіздіктің рухы болған Міржақып шығармаларының идеялары ұлт мұратына, алаштың бағдарына айналды. Ұлтына деген ұлы сүйіспеншілік, ерлік пен тәуекелге толы мәңгілік күреске ұласты. Өшіп бара жатқан ұлттық сананы қайта оятты.

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп,
Адасып алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын сонда қайда едің?...
Сарыарқа сайран жерлерім,
Көкорай шалғын көлдерім,
Бәрін жауға алдырып,
Асқар тау - биік белдерім.
Қысылып қазақ тұрғанда,
Данышпандар, қайда едің?.. –

Бұл өлеңінде азаттық жолындағы күресті баяндай келіп, ұлт мүддесін емес, өз мүдделерін көбірек күйттеп жүрген қайраткерлерді сын садағына алады. Олардың сын

сағатта бұғып қалатын жағымсыз әрекеттеріне қынжылыс білдіреді. Ұлтына қорған бола алмағандарына реніш айтады. «Қайда едің» деп сұрақ қою арқылы сол кездегі атқамінерлердің, шолақ белсенділердің бейнесін көз алдына әкеледі. Ақынның жан тебіренісі тек оның жеке басының трагедиясы емес, ол – ұлттың кешкен қайғы – қасіреті. Сол себепті оның өлеңдері ұлттық сипатқа ие болды. Оның өлеңдерінде ұлттың рухы, қоғам шындығы бейнеленді.

Жинақта отаршылдықтың озбырлығын, зардап-қиянатын, кесір - кесапатын жан-жақты талдайды. Отаршылдық әрекеттің сырын әр қырынан ашып көрсетеді, бодан болудың себеп-салдарына көз жібереді. Ұлтты сақтау үшін елдің бірлігін мығым ете түсетін біртұтас идея, алға жетелейтін бағыт – бағдар, мақсат – мұрат болу керектігін терең түсінеді. Қысқасы, М. Дулатұлының «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы ұлттық оянудың шырқау шыңы, жалпы қазақтық идеяға апарар баспалдақ болды десек, жарасады.

Оның шығармашылық әлеміне зер салсақ, ол үнемі халқының алға ілгерлеуіне, дамып – жетілуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, ұлттық идеяны мүмкіндігінше дәріптегенін байқай алады. Өсіп – өркендеудің өзегі білім мен ғылымда екені белгілі. Сол себепті ол ұлтының үздіксіз оқып – үйренгенін бар жан – тәнімен қалады. Әсіресе, оқу-ағарту саласында ауқымы кең, еңбегі ерен жұмыстар атқарды. Арнайы математикалық білімі болмаса да, осы салада біршама еңбектенді. Халыққа ғылым – білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін дұрыс жолға қоюға күш салды. Қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында математиканы пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулық жазды. “Бұл күнге шейін қазақ тілінде әліппе, қирағат кітаптары болса да, есеп кітабы жоқ еді. Қазақша шыққан ең бірінші есеп құралы осы” [3, 48]. Сөйтіп ол халықтың сауаттылыққа бет бұрып, білімді болғанын қалады. Өйткені, білімнің, сауаттылықтың саяси, қоғамдық әрі рухани үлкен күш екендігін жақсы сезінді. Дамыған халықтардың білім беру тәжірибесімен таныс Міржақып оқу-ағарту ісі туралы ұсыныс жасаудан жалыққан емес.

Сонымен қатар қазақ зиялыларының жан – жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда да Міржақып Дулатовтың еңбегі айрықша болды. Ол «Қазақ зиялылары» мақаласында қазақ зиялыларының болашақта ұмтылар бағыт – бағдары мен идеялық тұғырын айқындап береді. Әрі елімізде ұлттық сананың өрлеу үдерісі мен ұлт зиялыларының қалыптасуына кең жол ашты. Демек, ол ұлт зиялыларының да зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан ұстазы болды. Бүгінгі қазақ зиялыларына да қатысты көптеген жаңа міндеттер айқындалып отыр. Міржақыптың сөзінде зиялылықтың тетіктері қандай болу керектігі айтылады. Бұған қоса, ұлттың рухани әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамыту қажеттігі тағы бар. Бұл айтылған мәселелер зиялы қауымға үлкен жауапкершілік жүктейді. Рухани өзгерістердің қоғамға өлшеусіз өзгеріс әкелетіні анық. Бұл білім – ғылыммен тығыз байланысты құбылыс. Ол әр азаматтың заманауи талаптарға сай білім алуына, ғылыммен түбегейлі айналысуына, өзге де құндылықтарды игеріп, меңгеруіне толықтай жағдай жасалып жатқанын «Оқу жайы», «Ғылым төңкерісі» деген мақаларында баяндап өтеді. Сондықтан, білім – ғылым дамыған жағдайда қоғам сауаттанады деп есептейді. Бұны қазақ қоғамының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп – өркендеуіне, болашақ ұрпақтың дұрыс қалыптасуына үлес қосар негізгі фактор санайды. Осыған орай, ғылым – білім саласы

заманауи сұраныстарға лайық дамығанын қалайды. Қазақ тілінде білім алуға мүмкіндік туғанына қуанады. Әрине, бұл жолда түрлі кедергілер кездесетінін жасырмайды. Болашақ үшін аса маңызды болып отырған қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру жолында қарымды қайрат көрсетуге тиіспіз дегенді алға тартады. Қазақ тілінің ғылым тіліне айналуы қазақ қоғамы үшін аса қажет дүние екенін ескертеді.

Ұлттық идеяға негіз болатын, халықтың тағдырын анықтайтын саясат, экономика, білім, мәдениет, салт – дәстүр, тіл, т.б. өзекті салаларды саралап мақалалар жазды. Әсіресе, тіл тағдыры қатты алаңдатқан. «Мен заманында қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім. Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты қосты» Бұл үзінді Міржақып Дулатовтың «Қазақ тілінің мұңы» дейтін мақаласынан алынып отыр. Ал бұл қауіптің алдын алудың жалғыз жолы – сандаған ғасырлар бойы орнығып қалыптасқан тілімізді сақтап қалу. Сол кездерде уақыт ағымы ұсынған проблемаларға ұрынған халық өзінің тілін жоғалтып алуы ықтимал еді. Әсіресе, орыс, ноғай тілдерінің қыспағына ұшыраған қазақ тілінің ахуалы. Өз тілін өзге тілмен шұбарлаудың арты жақсылыққа апармасы анық. Осыны түсінген ол енді тіл деп шырылдайды. Көз алдында туған тілінің солғын тартып бара жатқанына жаны күйзеледі. Қоғам құбылуларына қарай бәріне де көнуге болар. Ал ұлттың жаны болып табылатын тілге араша түспеу, кешірілмес қателік екенін жақсы түсінеді. Тіл шұбарланған сайын, қадір – қасиеті кемиді. Өзінің бастапқы құндылығын жоғалтады. Бұдан ұлттың рухы солады, еңсесі түседі, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі әлсірейді. Тіл ұлттың рухы, жаны, болмысы. Демек, ұлттың рухани болмыс-бітімін қалыптастыруда тілдің атқарар қызметі орасан. Осыны ұғындырып, түсіндіре кеткен. Бұл да Міржақыптың ұлт руханиятын қорғау жолындағы жан айқайы еді. «Задында, қай ақынның болмасын пікір – толғаныстары сол замандағы қоғамдық оймен, халықтық мүддемен ұласып жатады, сөйтіп, ақын ойы, жыры өз замандастарының көңіл – күйі, арман – тілегімен, сол арқылы бүкіл қауымның идеялық – эстетикалық мұрат – аңсарымен ұштасып, жалғасары анық» [4, 194]. Ұлт жанашыры Міржақыптың қаламынан туған өлеңдері мен жазған мақалары халықтың ойынан шығып жатты. Талап – тілектерімен ұштасып, рухымен үндестік тауып, дүниетанымымен сабақтастық тапты. Сөздің тоқтері, ол XX ғасырдың әлеуметтік жағдайындағы қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, мәдени, әдеби маңызы зор құндылықтарын терең талдап, «Қазақ» газетінде жариялап отырды. М. Дулатұлы халықтың мұңы мен зарын сөз еткен, оның дұрыс жолмен шешілуіне ықпал жасаған публицистикалық еңбектерімен ұлт тәуелсіздігінің негізін қалыптастырғандығын «Қазақ» газеті арқылы дәлелдеп берді. «Осы ұлы істің ұйытқысы болған «Қазақ» газетінің барлық ішкі -тысқы жұмыстарының қайнаған қалың ортасында өзінің қажыр – қайратын түгел жұмсап, ұтқыр сөзімен де, ұшқыр қаламымен де, өз халқының ұлттық мүддесіне қызмет еткен Міржақып Дулатұлының қымбат бейнесі тұлғаланып көрінген еді» [5, 26]. Бұл жолда ол ештеңеден тартынбады да, тайсақтамады да. Ол ұлы далаға тәуелсіздік рухын сеуіп, ұлтты біріктіруші, тұтастырушы тұлға ретінде тамаша идеялар ұсынды. Осы идеялар, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің негізгі идеологиясының өзегіне айналууда. Жазған мақалалары, өлеңдері Міржақыптың «ұлт

идеясын» қалыптастыруға аянбай еңбек еткенін сөзсіз айғақтайды. Әдеби мұралары, зерттеу еңбектері, жазған мақалалары әрқашан ұлт идеологиясының темірқазығы болып қала береді. Өйткені оның ұлы идеялары жаңа Қазақстанның негізіне тірек болары даусыз.

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі

Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!-деп Міржақыптың өзі айтқандай,оның шығармаларының нәрі мен мәнін талдау, оны ұлттың рухани қажетіне жарату жұмыстарына аса мұқият қарауымыз керек. Шығармаларының идеялық - тақырыптық заңдылықтарын зерделеуді бір сәттік науқанға айналдырмай, жүйелі түрде жүргізіп отыру ауадай қажет. Тәуелсіздік үшін күрес, ғылым - білімді игеру, мәдениетке иек арту, – міне, Міржақып шығармаларының мәні. Осы ой – тұжырым бүгінде өзекті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әсіп С. Қазақ қасіреті. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 14 б.
2. Омаров Б. Зар заман әдебиеті: Монография. Генезис,типология, поэтика. - Астана: Елорда, 2025. – 372 б.
3. Байтұрсынұлы А. Шығармаларының академиялық толық жинағы: Бестомдық. 4-том. Астана, 2023. - 776 б.
4. Сүтжан С. Қазақ –түркі әдеби байланыстары: Монография. - Павлодар: ПМПИ, 2005. - 204 б.
5. Ысмағұлов Ж. М.Дулатұлы: Әдеби сын,зерттеу мақалалары. - Алматы: Мектеп, 2013. – 389 б.

SECTION: SCIENCE OF LAW

УДК 341

Дурач Вадим Миколайович
начальник кафедри, полковник,
Ткачук Павло Вікторович
заступник начальника кафедри, підполковник,
Ніколайчук Лариса Григорівна
к.т.н, доцент кафедри
управління повсякденною діяльністю підрозділів,
Національна академія сухопутних військ імені гетьмана Петра Сагайдачного
(Львів, Україна)

АКТУАЛЬНІСТЬ ОБМЕЖЕНЬ ПРАВ В УМОВАХ ВОЄННОГО СТАНУ

Анотація. *Право прав людини це доказ поступу всього людства, ознака загальнодемократичних тенденцій розвитку суспільства. Це галузь, яка характеризується високим рівнем кодифікації, як на міжнародному, так і на регіональних рівнях. Однак, незважаючи, на такий високий рівень кодифікації проблеми в цій сфері все ще актуальні.*

Права людини – комплекс природних і непорушних свобод і юридичних можливостей, обумовлених фактом існування людини в суспільстві. Право виступає мірою свободи і сутність його виражається в тому, щоб узгодити свободу окремої людини зі свободою інших членів суспільства, дотримуючись принципу рівності. В умовах сьогоденної війни актуальними також є обмеження прав викликані режимом воєнного стану.

Ключові слова: *галузь права, право прав людини, свободи людини, права громадянина, обмеження, воєнний стан.*

*Дурач Вадим Николаевич, начальник кафедры, полковник,
Ткачук Павел Викторович, заместитель начальника кафедры, подполковник,
Николайчук Лариса Григорьевна, к.т.н., доцент кафедры
управления повседневной деятельностью подразделений,
Национальная академия сухопутных войск имени гетьмана Петра Сагайдачного
(Львов, Украина)*

АКТУАЛЬНОСТЬ ОГРАНИЧЕНИЙ ПРАВ В УСЛОВИЯХ ВОЕННОГО СОСТОЯНИЯ

Аннотация. *Право прав человека это доказательство продвижения всего человечества, признак общедемократических тенденций развития общества. Это*

отрасль, которая характеризуется высоким уровнем кодификации, как на международном, так и на региональных уровнях. Однако, несмотря на такой высокий уровень кодификации проблемы в этой сфере все еще актуальны.

Права человека – комплекс природных, нерушимых свобод и юридических возможностей, обусловленных фактом существования человека в обществе. Право выступает мерой свободы и сущность его выражается в том, чтобы уравновесить свободу отдельного человека со свободой других членов общества, придерживаясь принципа равенства. В условиях сегодняшней войны актуальными также являются ограничения прав вызванные режимом военного состояния.

Ключевые слова: отрасль права, право прав человека, свободы человека, права гражданина, ограничения, военное состояние.

Durach Vadym Mykolayovych
Colonel, Head of the Department of Management of Dayly of Troops and Logistics,
Tkachuk Pavlo Viktorovych
senior lecturer, Lieutenant Colonel,
Nikolaichuk Larysa Grigorivna
PhD, Associate Professor, Employee of the Armed Forces of Ukraine, Associate
Professor of the Department of Management of Dayly of Troops and Logistics,
Hetman Petro Sahaidchnyi National Army Academy
(Lviv, Ukraine)

RELEVANCE OF RESTRICTIONS OF RIGHTS IN CONDITIONS OF MARTIAL ARTS

Abstract. Human rights law is evidence of the progress of all mankind, a sign of general democratic tendencies in the development of society. This is a branch characterized by a high level of codification, both at the international and regional levels. However, despite such a high level of codification, problems in this area are still relevant.

Human rights are a complex of natural and inviolable freedoms and legal opportunities determined by the fact of the existence of a person in society. Law acts as a measure of freedom and its essence is expressed in reconciling the freedom of an individual with the freedom of other members of society, adhering to the principle of equality. In the conditions of today's war, restrictions on rights caused by the martial law regime are also relevant.

Keywords: branch of law, human rights law, human freedoms, citizen's rights, restrictions, martial law.

Основні права, свободи – це певні можливості, які необхідні для існування та розвитку людини в конкретних історичних умовах, що об'єктивно визначається досягненнями певного рівня цивілізації (економічний, соціальний, духовний розвиток людства) і повинні бути законними і рівними для всіх людей. Зміст і обсяг цих можливостей людини залежить від можливостей усього суспільства, насамперед від рівня економічного розвитку. Права і свободи повинні бути рівними для всіх, не можуть відчуватися і обмежуватися чи бути предметом дарування.

Залежно від різних підстав (критеріїв погілу) виділяються наступні види класифікації прав і свобод:

- природні і позитивні;
- права людини і права громадянина;
- особистісні, політичні, соціально-економічні, трудові права, права в сфері культури і освіти.

Природні права – це такі, які належать людині від народження і невід’ємні від людського життя.

Наприклад, це право на життя, свободу, гідність, особисту недоторканність і ін. Теорія природного права виникла в Голландії у XVIII столітті та значно вплинула на регулювання природних прав у сучасних конституціях. На сьогодні існує два основні підходи до регулювання природних прав. Перший підхід полягає в тому, що оскільки вказані права мають природний характер, вони не породжуються конституцією, вони очевидні, невід’ємні від людини і, отже, не потребують конституційного регулювання. Конституція ж повинна закріплювати інші права – політичні, соціальні і т.д. *(цей підхід прийнятий в Голландії, деяких скандинавських країнах, частково в США, де конституції роблять наголос на політичні та інші права, маючи на увазі, що природні права не потребують конституційного регулювання).*

Другий підхід полягає в тому, що природні права – найважливіші, і тому їх необхідно закріпити у конституції в першу чергу. *Цей підхід прийнятий як правило в країнах, де основні права тривалий час зневажалися, тобто в країнах, що недавно звільнилися від авторитарних і тоталітарних режимів.*

Позитивні права – ті права, які виникають через їх закріплення в конституції і інших правових актах, тобто, похідні від держави.

Права людини – це такі права, які не залежать від громадянства і належать всім без винятку людям, що проживають в державі. В основному це особистісні, природні права.

Особистісні права – такі, які характеризують статус людини як соціально-біологічної істоти.

Типові особистісні права (вони найчастіше і природні):

- право на життя;
- право на свободу;
- право на гідність;
- право на особисту недоторканність;
- рівність всіх перед законом;
- право на недоторканність приватного життя;
- рівність чоловіка і жінки;
- право на недоторканність житла;
- право на свободу пересування;
- свобода думки, совісті, висловів.

Політичні права характеризують людину як громадянина, як учасника політичного життя. Найважливіші з них наступні:

- право обирати (активне виборче право);

- право бути обраним (пасивне виборче право);
- право брати участь в управлінні державою;
- право на рівний доступ до державної служби;
- право на об'єднання;
- право на проведення мітингів і демонстрацій і т.д.

Економічні права визнаються за людиною як учасником економічного життя:

- право власності (у тому числі приватної);
- право на здійснення підприємницької діяльності;
- інші права.

Соціальні права закріплюють певні форми підтримки людини з боку держави і суспільства. Найпоширеніші з них:

- право на матеріальну допомогу з боку держави у старості, по хворобі, у разі інвалідності, безробіття;
- право вагітних жінок на особливу охорону праці;
- права матері;
- право молоді, студентів на підтримку з боку держави;
- право на безкоштовну медичну допомогу.

Трудові права мають на меті дати людині певні гарантії як учаснику трудових відносин. Це наступні права:

- право на 8-годинний робочий день;
- право на оплату, що забезпечує необхідний життєвий рівень;
- право на вихідні і відпустку;
- право на захист від необґрунтованого звільнення;
- право на створення і діяльність профспілок.

Останнім часом у зв'язку із зростанням науково-технічного прогресу виникла нова, раніше не відома група прав – **екологічні права**. Наприклад, це право на безпечне навколишнє середовище, інформацію про стан навколишнього середовища.

Сьогодні під час російсько-української війни в Україні введено особливий режим воєнного стану, разом з яким, згідно чинного законодавства були також введені відповідні обмеження прав.

Обмеження передбачені режимом воєнного стану:

- встановлення/посилення охорони об'єктів державного значення, критичної інфраструктури;
- трудовий обов'язок для працездатних осіб, які не залучені до роботи в оборонній галузі та сфері забезпечення життєдіяльності населення;
- використання потужностей та трудових ресурсів підприємств, установ та організацій усіх форм власності для потреб оборони;
- примусове відчуження майна, що перебуває у приватній чи комунальній власності
- комендантська година;
- особливий режим в'їзду та виїзду;
- обмеження свободи пересування громадян та транспорту;

- перевірка документів у громадян, огляд автомобілів, багажу та вантажів, службових приміщень та житла громадян;
- заборона проведення зборів, мітингів, масових заходів;
- можлива заборона діяльності політичних партій чи організацій, якщо вона спрямована на ліквідацію незалежності України;
- заборона на торгівлю зброєю, сильнодійними хімічними та отруйними речовинами, алкоголем;
- заборона громадянам, які перебувають на військовому чи спеціальному обліку змінювати місце проживання без дозволу;
- встановлення військово-квартирної повинності;
- нормоване забезпечення населення основними продовольчими та непродовольчими товарами.

Зазначимо, що під час дії воєнного стану не можуть бути обмежені повноваження судів, органів та установ системи правосуддя. Також воєнний стан не може бути підставою для застосування тортур, жорсткого поводження чи покарання, що принижує гідність.

СПИСОК ВИКОРИСТАНИХ ДЖЕРЕЛ ТА ЛІТЕРАТУРИ

1. Конституція України. К.: Просвіта, 1996 р.
2. Загальна декларація прав людини. Прийнята і проголошена резолюцією 217 А (III) Генеральної Асамблеї ООН від 10 грудня 1948 року.
3. Конвенція про захист прав людини і основоположних свобод 04.11.1950 р.
4. Дурач В.М., Стукаліна Н.Т. Основи військового законодавства та міжнародне гуманітарне право: Курс лекцій. – Львів: АСВ, 2013. – 308 с.
5. Правознавство: Навчальний посібник. П.Д. Пилипенка. Львів “Всесвіт” 2019 р. 516 с.

MODERN SCIENTIFIC CHALLENGES AND TRENDS

Executive Editor-in-Chief: PhD Oleh M. Vodiany

December 2025

ISSUE 8(78)

The results of scientific researches, errors or omissions are the authors' responsibility

Founder: "iScience" Sp. z o. o.,
NIP 5272815428

Subscribe to print 31/12/2025. Format 60×90/16.
Edition of 100 copies.
Printed by "iScience" Sp. z o. o.
Warsaw, Poland
08-444, str. Grzybowska, 87
info@sciencecentrum.eu, <https://sciencecentrum.eu>



ISBN 978-83-949403-3-1



9 788394 940331